

2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі N 119 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда N 14-9-160 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 66 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімі аппаратының 22.01.2013 № 66 хатымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Отырар ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Е сен ба е в қа жү к те л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Сыздықов

О т ы р а р а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 2 ж ы л ғ ы « 1 2 » 0 4

№ 119 қаулысына қосымша

Отырар ауданы бойынша 2012 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері

--	--	--	--

№	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	30.09.2011	20.11.2011	Суармалы жер
2	Көкөніс	15.03.2012	10.05.2012	Суармалы жер
3	Мақта	20.04.2012	20.05.2012	Жылдың қалыптасқан ауа райының клима жағдайын ескере отырып
4	Дәндік жүгері	10.04.2012	25.05.2012	Жылдың қалыптасқан ауа райының клима жағдайын ескере отырып
5	Жоңышқа	10.03.2012	10.04.2012	Суармалы жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК